

**«Абай атындағы №31 жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
мектепалды даярлық сыныптарындағы
тәрбие мен білім беру процесін ұйымдастыру
бойынша атқарылған жұмыстар**

ұйымдастырылған іс-әрекеті өткізілді. «Төрлет, төрлет жаңа жыл!» шырша тойын ұйымдастырдық. Ата-аналардың демеушілігімен «Балаларға базарлық» атты сыйлықтар үлестірілді.

Тамақтың дұрыс ұйымдастырылуына бақылау жасалды. Балалардың бірінші жарты жылдықтағы білім-білік дағдыларының дамуына жүргізілген қорытынды нәтижелері шығарылды.

Қаңтар айында «Мен таланттымын» өнер байқауы, «ДОСБОЛЛИКЕ: достық қолын ұсын» акциясы аясында 17 қаңтар мен 17 ақпан аралығында іс-шаралар өтілді. «Дос болайық бәріміз» концерті, «Кіші зияткерлік академиясы» балалардың тілін дамыту жұмыстары, «Спорттағы достық» тақырыбында ұлттық ойындар ұйымдастырылды, «Әкем, анам және мен» отбасылық сайысы өткізілді.

Ақпан айында тәрбиешілердің өз мамандығын шындай түсіп, бай тәжірибесін басқаларға өнеге ету мақсатында «Тіл дамыту оқу іс әрекетінің тиімділігін арттыру, біліктілігін жетілдіру» тақырыбында С.Жұмаханова іскерлік ойын ұйымдастырды. «Мектеп жасына дейінгі баланың тілін дамытудың тиімді жолдары» тақырыбында Г.Башбенова кеңес ұйымдастырды. «Ел рәміздері-еркіндік нышаны» тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекеті болды. «Бала біздің бақытымыз» тақырыбында кеңес өтілді. Сыныптарда ата-аналар жиналыстары өтілді. Ата-аналар жиналысында «Ұлттық ойындар балаларға патриоттық тәрбие берудегі маңызы» тақырыбында баяндама «Тұмау және ЖРВИ-дің алдын алу» тақырыбында кеңес беріл

Наурыз айында балалардың даму картасының толтырылуы тексерілді. «Кішкентай жұлдыздар» концерттік бағдарламасын А.Адилбекова мен О.Шашкенова ұйымдастырды. «Алғыс айту-адамгершілік белгісі» тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекеті, «Ана – өмірдің шуағы» ертеңгілігін, «Наурыз-думан» наурыз тойын барлық сынып тәрбиешілері өткізді. «Ана бала көзімен» сурет байқауы ұйымдастырылды. Наурыз айының соңғы онкүндігінде «Мектепалды даярлық сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар негізінде оқыту мен тәрбиелеудің тиімділігі» тақырыбында онкүндік іс-шара өткіздік. Онкүндік іс-шараның ашылу салтанатын К.Абдрасилова жоғарғы деңгейде ұйымдастырды. Г.Ералиева математика негіздерінен «Тәулік бөліктері», А.Адилбекова сөйлеуді дамытудан «Мамандықтың бәрі жақсы», Б.Асанова қоршаған ортамен таныстырудан «Киіз үй», Б.Оңғарбаева үйірме жұмысынан «Гүлдер» биі, К.Башпенова сауат ашу негіздерінен «Біз нені үйрендік?», М.Шалабаева шығармашылықтан «Атама арналған тымақ», С.Жұмаханова қазақ тілінен «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ, жаңылтпаштар» ойынын, О.Шашкенова сөйлеуді дамытудан «Менің анам» тақырыптарында ашық ұйымдастырылған іс – әрекеттерін өткізді. Б.Орынбай мен Ж.Өскенбаева және Ш.Биімбеттер «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы», Б.Сүлейменова мен А.Байзакова және М.Исламова мен Ж.Наурызбаевалар «Ұрпақ тәрбиесінің негізі- ұлттық құндылығымызда» тақырыптарында сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастырды.

Сәуір айында «Мектепалды даярлық сыныптарында заттық дамытушы ортаны ұйымдастырудың маңызы» тақырыбында семинар – практикум ұйымдастырылды. «Көркем жаза білемізбе?» кітап көрмесін К.Абдрасилова мен С.Жұмахановалар өткізді. «Ғарыш әлеміне саяхат» сурет байқауы, «Табиғатты сүю ел ертеңін ойлау» тақырыбында сурет байқауы, «Табиғат – тіршілік көзі» ертеңгілігі, «Таза болса табиғат, аман болар адамзат» табиғат аясына серуендер жоғарғы деңгейде болды.

Мамыр айында «Әлем балалар көзімен» асфальтта сурет салу байқауын Ш.Биімбет пен М.Шалабаева, «Достығымыз жарасқан» концерттік бағдарламасы, «9 мамыр – желбірейді жеңіс күні» тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекеті, «Балапан жұлдыз» балалар ән-би байқауы, «Қош бол, даярлық!» ертеңгілігі, «Әрқашан күн сөнбесін» концерттік бағдарламасы, «Отбасындағы бала тәрбиесінің бүгіні мен ертеңі» кеңесі, «Біз мектепке барамыз» сауалнамасы өз деңгейінде өтілді. Сыныптардағы ата-аналар жиналыстарында «Бала тәрбиесіндегі отбасы мен мектептің ынтымақтастығы» баяндамасы, «Жазғы демалыстың қауіпсіздігін ұйымдастыру» кеңесі, «Ұялы телефондардың зияндылығы» тақырыбында кеңестер ұйымдастырылды.

21-ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой-өрісі жоғары, жан-жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру біздің алға қойған маңызды міндетіміз болып тұр. Сондықтан күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекетімізде ұлттық құндылықтарды пайдаланып, біртұтас тәрбие бағдарламасын басшылыққа алып отырамыз. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні мектепке дейінгі жаста беріледі. Сондықтан қазіргі тұрақты өзгеріп тұрған әлемге бәсекеге қабілетті бала тұлғасын қалыптастыруымыз қажет.

Мектеп директоры:

Н.Ахметов